

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 252 "Коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 210 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 желтоқсанда № 8659-04 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 252 "Коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-186 тіркелген) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауданының әкімі

М. Искаков

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 22 қарашадағы
№ 210 қаулысына қосымша
Мәртөк ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 17 шілдедегі
№ 252 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидалары

Коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарларды пайдалану Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 246-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) жануарлар – ауыл шаруашылығы және үй жануарлары;

2) иесіз жануарлар – иесі бар, және уақытша олардың иелігінен (қамқорлығынан) шыққан, иесі жоқ немесе иесі белгісіз, сондай-ақ иесі меншік құқығынан бас тартқан үй жануарлары;

3) жануар иесі – меншігінде немесе өзге де иелік етуінде жануары бар жеке немесе заңды тұлға;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - ауданның әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5) уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, ауданның коммуналдық мүлкін басқаруға уәкілетті мемлекеттік атқарушы орган.

2. Иесіз жануарларды пайдалану

2. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды иесіне қайтаруға міндетті.

Егер меншік иесі немесе оның тұрған жері белгісіз болса, иесіз жануарларды ұстап алған тұлғалар ұсталған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы меншік иесін іздестіру шараларын қабылдау үшін ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарға жазбаша түрде мәлімдеуі тиіс.

3. Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы немесе оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

4. Жануарларды ұстаған адам және оларды күтіп-баптауға, пайдалануға берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін кінәлі болған жағдайда ғана және сол жануарлардың құны шегінде жауапты болады.

5. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

6. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын ұстап алған адам олардың меншік иесінен Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 245 бабының 6 тармағына сәйкес сыйақы алуға құқылы.

3. Қараусыз жануарларға мемлекеттік меншік құқығының пайда болуы

7. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы

26 шілдедегі № 833 "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылады.

8. Жануарлар мемлекет меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде – ол аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

9. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

4. Қорытынды ережелер

10. Қараусыз қалған жануарларды есепке алу, сақтау, бағалау және сатуды ұйымдастыруға байланысты шығындар Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексіне сәйкес жергілікті бюджет қаржысынан жүргізіледі.

11. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, бес жұмыс күні ішінде жергілікті бюджетке аударылады.

12. Сот қараусыз қалған жануарларды коммуналдық меншікке қабылдауға негіз болған актінің күшін жойған жағдайда, уәкілетті орган қараусыз қалған жануарды бұрынғы иесіне қайтарады.